

5

**Республикалық оқу әдістемелік Кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ жанындағы Оқу- әдістеме бірлестігінің мәжілісінің
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

Алматы қ.

09 маусым 2021 ж.

Модератор - РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов.

Хатшы - РОӘК ОӘБ-нің ғалым хатшысы, И. Жанашев.

Қатысқандар: Есполов Т.И.; Жанашев И.; Калыкова Б.Б.; Махашев Е.; Сихымбаев С.Ж.; Кусайнова Ж.А.; Исаков А.Р.; Кусаинова Г.С.; Сейтасанов И.С.; Атыханов А.К.; Жылтырова Ж.Т.; Бекбосынов С.; Джанабекова Г.К.; Абдильдин Н.К.; Буралхияев Б.А.; Абаева К.Т.; Омаркулова М.; Абилдаев Е.С.; Есимова Б.Д.; Уразалиев К.Р.; Адылканова Ш.Р.; Альпейсов Ш.А.; Кентбаева Б.А.; және 88 адам онлайн қатысты. (тізім қосымша беріледі)

Өткізу күні мен уақыты: 09.06.2021 жыл, сағ.:14⁰⁰

Өткізу форматы: онлайн режимінде ZOOM платформасында;

КҮН ТӘРТІБІ:

I. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 12 қазанындағы №562 бұйрығына сәйкес:

ҚР КеАҚ ҚазҰАЗУ жанындағы Республикалық оқу әдістемелік Кеңесінің (Бұдан әрі РОӘК) және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша 2020-2021 оқу жылына Оқу-әдістеме бірлестігі – Жобаларды басқару тобының (Бұдан әрі ОӘБ-ЖБТ) мүшелері құрамын өзгерістерді ендіріп бекіту туралы;

II. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша даярланған Кәсіби стандарттарды талқылау:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті бойынша:

6B086 Су ресурстары және суды пайдалану

6B081 Агрономия даярлау бағыты

6B087 Агроинженерия даярлау бағыты

6B091 Ветеринария даярлау бағыты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті бойынша:

6B083 Орман шаруашылығы даярлау бағыты

6B084 Балық шаруашылығы даярлау бағыты

6B085 Жерге орналастыру даярлау бағыты

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бойынша:

6B082 Мал шаруашылығы даярлау бағыты

III. Вагенинген университетінің тәжірибесі негізінде жасалған инновациялық білім беру бағдарламалары:

6B08105 – Өсімдіктер туралы ғылым және технологиялар

6B09103 – Ветеринарлық – тағам қауіпсіздігі және технологиясы

IV. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған бітірушілердің еңбекпен өтеу нормалары туралы

V. 2021-2022 оқу жылына арналған инновациялық және жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу тәжірибесі:

6B08106 – Биоинформатика

6B08702 – Агроөнеркәсіп кешеніндегі цифрлық технология

6B08202 – Мал шаруашылығы менеджері

6B08401 – Аквакультура және судың биологиялық ресурстары

6B08303 – Ағаш өңдеу негіздерімен орман ісі

VI. ҚазҰАЗУ жанындағы РОӘК ОӘБ-ЖБТ-ға ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарын қарастырып бекіту туралы;

ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ-нің төрағасы, «ҚазҰАЗУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы-Ректор, академик Т. Есполов ашты:

- 2018 жылдан бастап «Аграрлық техника және технология» мамандығы шеңберінде «АӨК-дегі цифрлық технологиялар» (салалар бойынша) эксперименттік білім беру бағдарламасы іске асырылды»,

- Қазіргі уақытта университетте «IT технологияларды пайдалана отырып, су ресурстарын басқару» атты магистратураның жаңа білім беру бағдарламасы жұмыс істейтінін атап өті.

Сондай-ақ, осы білім беру бағдарламасы бойынша Варшава жаратылыстану ғылымдары университетімен қос диплом бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Цифрландыру мақсатында кадрларды даярлау саласында 2021-2022 оқу жылына 6B08 білім беру саласында жаңа білім беру бағдарламалары әзірленуде «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» «Биоинформатика», «Мал шаруашылығындағы Менеджер», «Аквакультура және судың биологиялық ресурстары», «Ағаш өңдеу негіздерімен орман ісі». Осы жаңа білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін шетелдік ғалымдар тартылуда, профессорлық-оқытушылық құрам жасақталуда, біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылуда, материалдық-техникалық база, бағдарламалық қамтамасыз етілуде екендігін айтты.

Университет өзінің инновациялық дамуында аграрлық мамандықтар бойынша QS әлемдік рейтингінде № 1 жоғары оқу орны болып табылатын Вагенинген (Нидерланды) зерттеу университетінің тәжірибесін басшылыққа алғандығын айтты.

2019 жылғы қарашада ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Мамин бастаған Қазақстанның үкіметтік делегациясының Нидерланд Корольдігіне сапары кезінде біздің жоғары оқу орындарымыз арасында ынтымақтастық туралы және олардың білім беру бағдарламалары: «Ветеринариялық-тамақ қауіпсіздігі және технологиясы» және «Өсімдіктер мен технологиялар туралы ғылым» бойынша мамандарды бірлесіп даярлау туралы келісімге қол қойылғаны туралы айтты.

Университетте «Вагенинген-Қазақстан» Институты құрылды, онда 2020-2021 оқу жылында пилоттық режимде студенттерді осы білім беру бағдарламаларына дайындау басталғанын айтты.

Биылғы оқу жылында әр бағдарламаға 50 студенттен қабылдау жоспарлануда, олар елден шықпай-ақ сапалы білім алады. Мұндай бағдарламаларды енгізу әлемдік деңгейдегі, халықаралық аренада бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға және алынған тәжірибені еліміздің жоғары оқу орындарына таратуға мүмкіндік беретіндігін атап өтті.

Бұл институтты ашпас бұрын біз материалдық-техникалық базаны құру бойынша үлкен дайындық жұмыстарын жүргіздік деді.

Ауыл шаруашылығы министрлігі департаментінің (USDA, АҚШ) ұсынымы және INRA (Франция), INTA (Аргентина), EMBRAPA (Бразилия) жетекші ғылыми орталықтарының тәжірибесі бойынша университетте Халықаралық Агротехнологиялық хаб құрылды, оның миссиясы АӨК-дегі үздік инновациялық технологиялар мен жаңа білімдерді іздестіру, тарту және трансферттеу болып табылады. Агрохабтың құрамында 7 ғылыми-зерттеу институты, 8 инновациялық орталық, 49 зерттеу зертханасы жұмыс істейді, олар халықаралық агенттіктермен аккредиттелген және жоғары оқу орындары, ҒЗИ және агроқұрылымдар ғалымдарының ұжымдық пайдалануы үшін ашық деп айтты.

Нақты ғылыми жобалар шеңберінде құрылған 18 халықаралық зерттеу орталығы жұмыс істейтіндігін атап өтті.

Оқу-тәжірибе шаруашылығында Агротехнопарк құрылды, онда Инновациялық технологиялар мен техниканы Қазақстанның ауыл шаруашылығы жағдайларына бейімдеу жүргізіледі. Мұнда машина сынау станциясы, 75 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы бар Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталық жұмыс істейтіндігін айтты.

Оқу-әдістемелік бірлестіктің (ОӘБ) мақсаты – «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» даярлау бағыты бойынша жобаларды басқару тобы (ЖБТ) аграрлық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау сапасын арттыру болып табылатындығын айтты.

Осыған байланысты Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша 2020-2021 оқу жылына Оқу-әдістеме бірлестігінің – Жобаларды басқару тобының кезекті кеңейтілген онлайн отырысын өткізгелі отырмыз, ұсынатын күн тәртібі төмендегідей:

Кеңес отырысының регламентін ұсынды:

- Баяндамашыларға - 7 минут
- Қосымша баяндамашыларға – 3 минут
- Сөз сөйлеушілерге -3 минут

I-ші сұрақ бойынша КеАҚ ҚазҰАЗУ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша 2020-2021 оқу жылына Оқу-әдістеме бірлестігі – Жобаларды басқару тобының (бұдан әрі ОӘБ – ЖБТ мүшелері құрамын бекіту туралы РОӘК ОӘБ – ЖБТ ғалым хатшысы И. Жанашевқа сөз берілді;

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы өз сөзінде былай деді: Жоғарыда айтылған БҒМ-ның бұйрығының енгізген өзгерістеріне сәйкесті РОӘК тобының құрамына кіріп отырған 24 жоғары оқу орындары, 18 ғылыми зерттеу институттары және 62 жұмыс беруші кәсіпорындарының мүшелікке үміткер өкілдерімен таныстырып төмендегі құрамды бекітуді ұсынды. (Қосымша 1)

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 12-қазанындағы №562 бұйрығына сәйкес: ҚР КеАҚ ҚазҰАЗУ жанындағы Республикалық «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК оқу-әдістемелік бірлестігінің өзгеріс енгізілген мүшелері төмендегі құрамда тізіммен бекітілсін;

II сұрақ бойынша Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №30-14-05/1645 хатында ҚР Премьер министрі Кеңесінің, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тапсырмаларына сәйкес, қолданыстағы Кәсіптік стандарттардың күшінің жойылғанын және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»,

«Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша кәсіби стандарттарды қайта әзірлеу қажет екендігі айтыла отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы жетекші 3 аграрлық ЖОО-на, атап айтқанда;

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне:

081 Агрономия

091 Ветеринария

087 Агроинженерия

086 Су ресурстары және суды пайдалану

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетіне:

083 Орман шаруашылығы

085 Жерге орналастыру

084 Балық шаруашылығы

Жәңгір хан университетіне:

082 Мал шаруашылығы

– білім беру бағыттары бойынша кәсіби стандарттарды қайта әзірлеу жұмыстары тапсырылғандығы және осы кәсіби стандарттарды қайта әзірлеу мақсатында аталған ЖОО базаларында жұмыс топтары бұйрықпен бекітілгендігі туралы РОӘК ОӘБ – ЖБТ Төрағасы Т.Есполов ақпарат бере отырып, қайта әзірленген кәсіби стандарттарды бүгінгі мәжілісте талқылауды ұсынды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті бойынша:

6B086 Су ресурстары және суды пайдалану даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: т.ғ.к., «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының профессоры– Сейтасанов Ибрагим Сматович сөз сөйледі;

Су ресурстары және суды пайдалану даярлау бағыты бойынша дайындалған Кәсіби стандарттың негізгі мақсаты: Балықтарды және су биологиялық ресурстарын жасанды өсіру саласында білім алушылардың әмбебап және кәсіби құзыреттерін қалыптастыру және білім беру екендігін айтты.

Кәсіби қызмет саласы: Жануарлар дүниесін қорғау туралы Заңға, балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес балық ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау мониторингі, сондай – ақ акваөсіру және балық шаруашылығы саласындағы білім беру, ғылыми-зерттеу, өндірістік - технологиялық және ұйымдастыру-басқару қызметі екендігі туралы айтты.

Сонымен қатар Кәсіби қызмет саласы мен объектісі;

- Тоған, бассейн, көл-тауар, торлы рециркуляциялық және аквариум шаруашылықтары
- Табиғат қорғау ұйымдары
- Өртүрлі меншік нысанындағы балық өндіруші ұйымдар
- Жобалау, іздестіру және ғылыми-зерттеу ұйымдары деп атап өтті.

6B081 Агрономия даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: «Жеміс-көкөніс және жаңғақ шаруашылығы» кафедрасының профессоры – Кусаинова Гүлжан Салибаевна сөз сөйледі;

Кәсіптік стандарт-нақты кәсіптік топта (кәсіптік қызмет саласында) немесе кіші топта (еңбек қызметі түрінде) біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт деп айтты.

Саланың біліктілік деңгейлері бойынша кәсіптер (кәсіптік кіші топ – өсімдік шаруашылығы)

1- Суарушы, жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы, суару, суару бойынша жұмысшы, білікті емес бау-бақша жұмысшысы, бау-бақша жұмысшысы, егін жинау бойынша;

2- Шикізатты салушы, мақта және тінді дақылдарды өңдеу, зиянкестермен күрес жөніндегі қызметкер, арамшөптермен күрес жөніндегі қызметкер, жерді мелиорациялау жөніндегі жұмысшы, жерді суару жөніндегі жұмысшы;

3 – Білікті ауыл шаруашылығы жұмысшысы (далалық дақылдар), күріш өсіруші, жеміс өсіретін Фермер, жүзім өсіруші, бақша өсіруші, картоп өсіруші, Көкөніс өсіруші, бау-бақша және питомник шаруашылығындағы Фермер;

4 – Инженер - механиктің көмекшісі, Агроном (орта білікті), Техник-мелиоратор, Техник-бағбан, Техник-жеміс-көкөніс өсіруші, дала дақылдарын өсіру жөніндегі техник-агроном, топырақтанушы (орта білікті)

5 – Жаңа техника мен технологияны енгізу жөніндегі Инженер, ауыл шаруашылығының инженер-механизаторы, машина-трактор паркін пайдалану жөніндегі Инженер, Агрохимик;

6 – Агроном, суармалы жер және суды пайдалану жөніндегі Агроном, тұқым шаруашылығы жөніндегі Агроном, агроном-шарапшы, инженер-бағбан, өсімдіктерді қорғау жөніндегі Агроном, агроном-топырақтанушы, Мелиорация және рекультивация жөніндегі Инженер, инженер-мелиоратор, Агроэколог, ауыл шаруашылығы техникасы жөніндегі Инженер

7 – Бас агроном, бас инженер (ауыл шаруашылығында), өсімдіктерді қорғау жөніндегі бас агроном, бас мелиоратор, бас механик (ауыл шаруашылығында)

8 – Ауыл шаруашылығындағы ұйымның басшысы (директоры, президенті және т. б.) деп ажыратып айтты.

«Ауыл шаруашылығы» СБШ кәсіби талаптарын қамтамасыз ету үшін кәсіптік стандарттардың мынадай тізбесін әзірлеу қажет:

1. Қант қызылшасын өсіру
2. Көкөністер мен картоп өсіру
3. Жылыжай көкөністері мен жидектерін өндіру
4. Жүзім шаруашылығы
5. Бұршақ және майлы дақылдарды өсіру;
6. Дәнді дақылдарды өсіру;
7. Күріш өсіру;
8. Шитті мақта өсіру
9. Гүл өсіру
10. Питомниктер қызметі
11. Отырғызу үшін тұқым дайындау жөніндегі шаруашылықтардың қызметі
12. Жидектер мен жаңғақтарды өсіру
13. Өсімін молайту өсімдіктер
14. Садоводческая қызметі
15. Шитті мақтаны дайындау және мақтаны бастапқы өңдеу деп атап айтты

6B087 Агроинженерия даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: «Аграрлық техника және технологиялар» кафедрасының профессоры – Атыханов Айбек Кашкымбаевич сөз сөйледі:

Кәсіби стандартты дайындау мақсаты: Энергетикалық жабдықты монтаждау жұмыстарын, энергетикалық кешендер жабдығын пайдалануды жүзеге асыратын, ауыл шаруашылығын үздіксіз және апатсыз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ететін жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттілігінің деңгейін, еңбек маңызы, сапасы мен жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт жасау деп айтты.

Өндіріс процесстерін және ауыл тұрғындарын энергиямен қамтамасыз ету, өндіріс қызметін ұйымдастыру және басқару, энергетикалық жабдықты сандық және автоматты негізде заманауи дамыту, ғылыми, конструкторлық, жобалық, ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру деп Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасын айтты.

Кәсіби біліктілік картасы

1. Электрмонтаждаушы–реттеуші – 3 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
2. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен жабдықтау жөніндегі техник – 3, 4 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
3. Электрик – 4, 5, 6, 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
4. Техник–электрик – 6 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
5. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен жабдықтау жөніндегі инженер – 6, 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
6. Инженер–электрик – 6, 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
7. Бас инженер – 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
8. Кіші ғылыми қызметкер – 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
9. Ғылыми қызметкер – 7 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
10. Аға ғылыми қызметкер – 8 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
11. Жетекші ғылыми қызметкер – 8 біліктілік деңгейі СБШ бойынша;
12. Кәсіпорын директоры (бастық, басқарушы) – 8 біліктілік деңгейі СБШ бойынша деп тізіп айтты.

Сонымен қатар төмендегі мамандық карточкаларын ашып айтты:

«Электрмонтаждаушы–реттеуші»

«Техник–жылу технигі»

«Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету жөніндегі инженер» (жоғары білім)

«Бас инженер»

«Техник–электрик»

«Инженер–электрик»

«Кіші ғылыми қызметкер»

«Ғылыми қызметкер»

«Аға ғылыми қызметкер»

«Жетекші ғылыми қызметкер»

«Кәсіпорын директоры (бастық, басқарушы)»

Баяндамашы: т.ғ.к., «Энергияны үнемдеу және автоматтандыру» кафедрасының профессоры – Исаханов Муратбек Жанабатырович сөз сөйледі:

Кәсіби стандарт әзірлеудің мақсаты: мал шаруашылығында, өсімдік шаруашылығында, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу мен сақтауда машиналар мен жабдықтардың өндірістік және техникалық пайдаланылуын ұйымдастыру, механикаландыру бойынша еңбек мазмұнына, сапасы мен жағдайларына, біліктілік деңгейі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт құру деп айтты.

Кәсіби стандарт қысқаша сипаттамасы: мал шаруашылығындағы, өсімдік шаруашылығындағы, ауыл шаруашылығы өнімін бастапқы өңдеу мен сақтаудағы процестерді механикаландыру, инновациялық технологиялар мен техникалық құралдарды, сондай-ақ ғылыми, конструкторлық, жобалау және ұйымдастыру қызметін пайдалана отырып, АӨК салаларындағы ауыл шаруашылығы құралымдарының тракторларын, машиналарын мен жабдықтарын өндірістік және техникалық пайдалануды ұйымдастыру және басқару екендігін айтты.

Кәсіби біліктілік картасы:

1) Кең бейінді слесарь – жөндеуші, тракторшы-машинист -2,3 СБШ бойынша біліктілік деңгейі;

2) Мал шаруашылығы кешендері мен механикаландырылған фермалардың операторы - 2,3 біліктілік деңгейі;

3) Агроөнеркәсіптік кешеннің техник-механигі-СБШ бойынша 4,5 біліктілік деңгейі;

4) Еңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландыру жөніндегі техник-СБШ бойынша 4,5 біліктілік деңгейі;

5) Өсімдік шаруашылығындағы инженер-механик-СБШ бойынша біліктіліктің 6- деңгейі;

- 6) Мал шаруашылығындағы инженер-механик-СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі;
- 7) Ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу және сақтау жөніндегі инженер-механик-СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі;
- 8) Машина-технологиялық станцияның инженер-механигі-СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі;
- 9) Кіші ғылыми қызметкер (жалпы бейін-СБШ-ның 7-деңгейі);
- 10) Ғылыми қызметкер-СБШ-ның 7-деңгейі;
- 11) Аға ғылыми қызметкер-СБШ 8-деңгейі;
- 12) Жетекші ғылыми қызметкер-СБШ 8-деңгейі;
- 13) Кәсіпорын директоры (бастығы, басқарушысы) - СБШ-ның 8-деңгейі деп жеке атап өтті.

6В091 Ветеринария даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: б.ғ.д., «Ветеринария» факультетінің деканы, доценті – Джанабекова Гүлмира Күмісқалиқызы сөз сөйледі:

Ветеринария бағытын оқытудың негізгі нәтижелері:

- Іскерліктер-нақты кәсіби міндеттерді шешу үшін білімге және оны дұрыс пайдалануға негізделген адамның іс-әрекетінің (іс-әрекетінің) компоненттері.
- Білім-адамға нақты кәсіби міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін пәндік саланың құрылымдалған ақпараты
- Құзыреттілік-адамның кәсіби қызметте тікелей көрінетін және еңбек функцияларын орындау үшін білім мен дағдыларды қолдануға мүмкіндік беретін қабілетідеп айтты.

Ветеринария-жануарлардың аурулары мен азықтан улануын (зақымдануын) зерделеуге, олардың профилактикасына, диагностикасына, оларды емдеуге және жоюға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға бағытталған арнайы ғылыми білім мен практикалық қызмет саласы деп айтты.

Кәсіби стандарттың паспорты

1. Профилактикалық, диагностикалық және емдеу іс-шараларын жүргізу
2. Жануарлар ауруларының алдын алу
3. Емдеу-диагностикалық ветеринариялық манипуляцияларды орындау
4. Ветеринариялық-санитариялық және зоогигиеналық іс - шараларды жүргізу
5. Мал шаруашылығы және жемшөп объектілерінің санитариялық және зоогигиеналық жай-күйін бақылау
6. Жануарлар ауруларының пайда болуының алдын алу үшін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу
7. Сот-ветеринариялық сараптамалар жүргізу деп ашып айтты.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті бойынша:

6В083 Орман шаруашылығы даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: а.ш.ғ.д., «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі, профессор, доценті – Сарсекова Дани Нургисаевна баяндама жасады;

«Орман ісі» Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты:

-Орманды қорғау және қорғау саласындағы заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асыру процесі, орман күзетінің жұмысына басшылық жасау, айналымдарға тексеру жүргізу, орман байлығын сақтау, көбейту мәселелері бойынша халық арасында түсіндіру жұмыстары, орман пайдаланушылардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын тексеру, өндірістік жоспардағы ағаш кесуді, сондай-ақ жұмыс сапасын тексеру.

-Жоспарлы тапсырмаларды орындауды ұйымдастыру процесі, еңбек, материалдық және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану, орман шаруашылығы өндірісіне озық техника мен

технологияны енгізу, ормандарды өрттен, өз еркімен кесуден, орман тәртібін бұзудан қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, ормандарды молықтыру, кеспеағаш қорын бөлу және сүректі түбірімен босату.

- Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының шекараларын айқындау және нақтылау процесі, екпелердің санитариялық және орман патологиялық жай-күйі, зиянкестер таралымдарының жай-күйіне талдау жүргізу, зиянкестер таралымдарының одан әрі дамуын болжау, екпелерді сауықтыруға, сондай-ақ орманның санитариялық, гигиеналық, қорғаныш функцияларын сақтауға және арттыруға бағытталған орман қорғау, орман шаруашылығы және ұйымдастыру іс-шараларының кешенін әзірлеу екендігін айтып өтті.

«Орман ісі» кәсіби стандартын әзірлеу мақсаты.

Кәсіби стандарт бағалау, аттестаттау, сертификаттау және біліктілікті растау, кадрларды даярлау және қайта даярлау үшін негіз ретінде әзірленген және пайдаланушылардың кең ауқымын пайдалануға арналған:

қызметкерлермен-саладағы мамандыққа қойылатын талаптарды түсіну, өзінің біліктілігін арттыруды және мансаптық жоғарылатуды жоспарлау үшін;

жұмыс берушілер-жұмыскерлерге қолданылатын талаптарды, нұсқаулықтарды, міндеттерді әзірлеу, персоналды жалдау және аттестаттау кезінде өлшемшарттарды қалыптастыру, сондай-ақ кадрлардың біліктілігін арттыру, дамыту, ілгерілету және ротациялау бағдарламаларын жасау үшін;

Білім беру ұйымдарымен-білім беру стандарттарын, бағдарламаларды, модульдерді әзірлеу және оқушылар мен талапкерлерді кәсіптік бағдарлау үшін;

сертификаттау және біліктілік беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (органдар) - Персоналды сертификаттау кезінде бағалау материалдарын әзірлеу және сәйкестік деңгейлері бойынша қызметкерлердің біліктілік өлшемшарттарын әзірлеу үшін;

халықты жұмыспен қамту орталықтары-халықты жұмыспен қамтуды арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру, халықты жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеу, оқыту және қайта оқыту, кәсіптік бағдарлау үшін;

мемлекеттік органдар - КС-ті еңбек нарығын мониторингтеу және болжау үшін өлшемшарттар ретінде пайдалану үшін керек деп айтты.

ЭҚЖЖ сәйкес секцияның, бөлімнің, топтың, сыныптың және кіші сыныптың атаулары:

Ал Секция-ауыл, орман және балық шаруашылығы

02 Орман өсіру және ағаш дайындау

02.1 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02.10 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02.10.0 Орман шаруашылығы және өзге де орман шаруашылығы қызметі

02.2 Ағаш Дайындау 02.20 Ағаш Дайындау

02.20.0 Ағаш дайындау

02.3 Орман шаруашылығының ағаш емес өнімін жинау

02.30 орман шаруашылығының ағаш емес өнімін жинау

02.30.0 Орман шаруашылығының ағаш емес өнімін жинау

02.4 Орман шаруашылығы (орман шаруашылығы және ағаш дайындау) саласында қызметтер көрсету

02.40.0 Орман шаруашылығы (орман шаруашылығы және ағаш дайындау) саласында қызметтер көрсету) деп әр саланы жеке ашып айтып өтті.

6B084 Балық шаруашылығы даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша: в.ғ.к., «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі,

доценті – Сыздықов Қуаныш Нығманұлы баяндама жасады;

Балық шаруашылығы «Кәсіби стандарты»

1.Жалпы ережелер

1. «Балық шаруашылығы» Кәсіби стандарты балық шаруашылығын дайындау бағыты шеңберінде білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, кәсіптік - техникалық және жоғары білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған. Осы кәсіби стандарттың негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімін, іскерлігін және дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған Корпоративтік кәсіптік стандарттарды әзірлей алады деп айтты.

2. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар қолданылады:

- 1) БТБА-Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 2) КС-кәсіби стандарт;
- 3) СБШ - Салалық біліктілік шеңбері;
- 4) КС - басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

1. Кәсіби стандарттың атауы: «Балық шаруашылығы».

2. Қызметтің кәсіби стандартын әзірлеу мақсаты: қызметкерлердің біліміне, дағдыларына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын талаптарға сәйкес келетін еңбек функцияларының жүйелі және құрылымдалған сипаттамасы.

3. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: балық шаруашылығына қатысты негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай - ақ балық өсіру және балық аулау бойынша жұмыстарды орындаумен айналысатын қызметкерлердің жұмыс сипаттамасы мен еңбек функциялары-табиғи және жасанды су айдындарында су биологиялық ресурстарын өсіреді және өсіреді, балық өнімдерін және басқа да гидробионттарды аулайды және қайта өңдейді, балық аулау және балық шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына немесе өткізу ұйымдарына өткізеді.

4. Кәсіби топ: балық өсіру және балық өсіру және өсіру саласындағы қызмет.

5. Кәсіптік кіші топ: кәсіпкерлік қызмет мақсатында балықтардың, балықтардың жасанды өсімін молайту және өсіру жөніндегі акваөсіру жай-күйін зерттеу деп айтты.

6B085 Жерге орналастыру даярлау бағыты білім беру бағдарламасы бойынша:

Баяндамашы: т.ғ.к., «Жерге орналастыру және кадастр» кафедрасының доценті – Төлеубекова Жанат Зекеновна баяндама жасады;

2. 6B085 Жерге орналастыру даярлау бағытыбойынша Кәсіби стандарттың паспорты Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде персоналды кәсіпорындарда оқытуға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Осы кәсіби стандарттың негізінде ұйымдар өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың жауапкершілігін ескере отырып, кәсіптік білім деңгейін, еңбек функцияларының тізбесін, білімін, іскерлігін және дағдыларын нақтылай отырып, ішкі қолдану үшін қызметкерлерге арналған Корпоративтік кәсіптік стандарттарды әзірлей алады деп айтты.

Жерге орналастыруға қатысты негізгі кәсіптердің сипаттамасы, сондай-ақ жерге орналастыру бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарының графикалық бөлігін орындаумен, жобаны натураға ауыстыру кезінде Геодезиялық жұмыстарды орындаумен айналысатын қызметкерлердің жұмыс сипаттамасы мен еңбек функциялары келтірілген.

Негізгі топ: жерге орналастыру.

Кәсіби топ: сәулет, инженерлік ізденістер, жерге орналастыру саласындағы қызмет.

46

Кәсіби кіші топ: жер учаскелерін құру, жерге орналастыру объектілерінің орналасқан жерін сипаттау және шекараларын белгілеу, жердің жай-күйін зерттеу, жерді ұтымды пайдалануды және оларды қорғауды жоспарлау және ұйымдастыру деп сипаттама берді.

Мамандықтар тізімі:

- 1) Жұмыс көмекшісі;
- 2) Бағдарламашы-сызушы;
- 3) Жерге орналастыру бакалавры СБШ бойынша 4-5 біліктілік деңгейі;
- 4) Жерге орналастыру бакалавры СБШ бойынша 5-6 біліктілік деңгейі;
- 5) Бөлім бастығы-7.

Жұмысшы көмекшісіне арналған дағдылар:

1. Жерге орналастырудың белгілі бір саласында қарапайым тапсырмаларды орындау үшін негізгі білім мен дағдылардың көлемін пайдалану.

2. Жерге орналастыру саласындағы жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес өз іс-әрекеттерін түзете білу.

3. Мәселелерді, олардың себептерін анықтаңыз және қарапайым, құрылымдық тапсырмаларды шешуге және аяқтауға уақытты анықтаңыз.

4. Нақты белгіленген қызмет шеңберінде басшылықпен қойылған міндеттерді орындау деп айтты.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бойынша:

6B082 Мал шаруашылығы даярлау бағыты

Баяндамашы: а.ш.ғ.к., «Мал шаруашылығы» институтының профессоры, доценті – Тулебаев Болаткали Тулебаевич баяндама жасады;

6B082 Мал шаруашылығы даярлау бағыты

Қызметтің кәсіби стандартын әзірлеу мақсаты:

Кадрларды даярлау, қайта даярлау бағдарламалары мен олардың кәсіби қызметінің бірыңғай талаптарын әзірлеу.

КС қысқаша сипаттамасы:

Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының барлық түрлерін күтіп-бағу, азықтандыру және өсімін молайтудың технологиялық процесін ұйымдастыру, инновациялық технологияларды, ғылыми, конструкторлық, жобалық және ұйымдастырушылық қызметті пайдалана отырып олардан өнім алу саласына жататын кәсіптердің сипаттамасы келтірілген.

ҚР Төмендегі классификаторлар бар;

А. Ауыл, орман және балық шаруашылығы

01. Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету

01.4. Мал шаруашылығы

01.41 сүтті бағыттағы ірі қара малды өсіру

01.42 өзге де ірі қара мал мен буйволдарды өсіру

01.43. Жылқы және басқа да жылқы тұқымдас жануарларды өсіру

01.44 түйе және түйе тұқымдас өзге де жануарларды өсіру

01.45 қой мен ешкі өсіру

01.46 шошқа өсіру

01.47 ауыл шаруашылығы құстарын өсіру

01.49 жануарлардың өзге де түрлерін өсіру деп баяндап айтты.

Кәсіптер тізбесі:

- Ауыл шаруашылығы өнімдерін күту жөніндегі жұмысшы жануарлар мен құстар-СБШ бойынша 2-3 біліктілік деңгейі

- Асыл тұқымдық есептеуші-СБШ бойынша біліктіліктің 3-4 деңгейі

- Жасанды ұрықтандыру технигі-СБШ бойынша біліктіліктің 3-4 деңгейі

- Ақпараттық-талдау жүйесінің операторы-СБШ бойынша біліктіліктің 5-деңгейі

- Зоотехник - селекционер – жүйелер-СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі

- Бас зоотехник - жүйелер-СБШ бойынша біліктіліктің 6-деңгейі
- Кәсіптер карточкасы осы КС 1-қосымшасында келтірілген.
- Кәсіби біліктілік картасы осы КС 2-қосымшасында келтірілген деп айтты.

Жоғарыда баяндама жасаған баяндамашылар арнайы дайындалған слайдты көрсетіп, баяндады.

Шешім қабылданды:

1. Ауыл шаруашылық министрлігіне қарасты ЖОО «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау салалары бойынша әзірлеген Кәсіби стандарттарына осы мәжілісте жасалған ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып

